«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА СТЕПНОГОРСКА»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 26 тамыз

№ 204

Степногорск қаласы

город Степногорск

**Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы**

Жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуын іске асыру мақсатында, олардың құқықтарын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

**1. Білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен қызметкерлері:**

1.1. Ата-аналар мен оқушылардан мектептің, сыныптың, топтардың әр түрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау, сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілеріне жол берілмесін.

1.2. Нормативтік құжаттаманың болмағаны жағдайда ата-аналар мен оқушыларға ақылы репетиторлыққа және осы қызмет түрін жүзеге асырмауға түсіндірілсін.

1.3. 2020-2021 оқу жылына оқушылар, ата-аналар, БМ қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жаңартылсын.

1.4. Степногорск қаласының білім бөлімінің «Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» бұйрығының мазмұны ата-аналардың, білім алушылардың заңды өкілдерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін.

1.5. Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға байланысты шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде дезинфекциялау құралдары, балалар мен қызметкерлердің санитариялық қауіпсіздік құралдары қаланың жергілікті бюджеті есебінен сатып алынады. Ата-аналар мен оқушылардан ақша жинауға қатаң тыйым салынады.

**2. Білім беру мекемелерінің басшылары:**

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда жүгінген азаматтардың өтініштерін қарау мәселелері уақтылы, тұрақты бақылауда ұстансын.

2.2. 2020-2021 оқу жылындағы мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілуі кезінде білім алушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

2.3.Мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілу кезінде заңдылықтың және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыздандырсын.

2.4.Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы нормативтік құжаттарды мінсіз орындауы қамтамасыз етілсін;

2.5. Білім мекемесінде сыбайлас жемкорлық орын алған жағдайда білім бөлімі уақытымен хабардар етілсін;
2.6. Мектеп сайттарына оқу жылына арналған сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы жоспары, ақпараттық-талдау материалдары жүйелі түрде орналастырылсын.
2.7. Тоқсан сайын бюджеттен тыс қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті мектеп сайтына орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

**Білім бөлімінің басшысының м.а.** **А.Оспанова**

Орындаған: А.Оспанова, 6-35-14